«БЕКІТЕМІН»
Мектеп директоры:
О.Дарменов
2022жыл

2022-2023 оқу жылы бойынша

№ 57 Ә.Жангелдин атындағы жалпы білім беретін мектеп КММ-нің

«Кітап оқуға құштар мектеп» жобасының жоспары

МАЗМҰНЫ

1 тарау. Жобаның ақпарттық картасы
2 тарау. Жоба мазмұны

2.1. Жоба бастамаларының негіздері
2.2. «Кітап оқуға құштар мектеп» жобасының өзектілігі
2.3. «Кітап оқуға құштар мектеп» жобасының мақсаты
2.4. Жоба міндеттері
2.5. «Кітап оқуға құштар мектеп» жобасын іске асыру

1 тарау. Жобаның ақпараттық картасы

1.1. Жобаның атауы	«Кітап оқуға құштар мектеп»
1.2. Ұйымдастырушылар	Мектеп кітапханашысы, мұғалімдер, оқушылар, ата-аналар
1.3.Жоба басшысы, үйлестірушісі, орындаушылар	Мектеп директоры
1.4.Жобаны іске асыру мерзімдері мен кезеңдері	2022-2023 жылдар
1.5. Жоба серіктерінің атауы	Кітапхана

2 тарау.Жобаның мазмұны

2.1. Жоба бастамаларының негіздері	Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылғы 21 қазандағы IV Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің отырысында берген тапсырмасы
2.2. Өзектілігі	Ақпараттық ортада тиімді және жайлы өмір сүру үшін оқу сауаттылығының қалаптасқан дағдылары қажет. Сонымен қатар, оқу сауаттылығы қазіргі қоғамдағы өмірге дайындықтың негізгі параметрінің бірі болып табылады.
2.3. Мақсаты	Балалармен жастардың оқуға құштар құзыреттіліктерін дамыту
2.4.Міндеттері	-мұғалімдердің, оқушылардың, ата-аналардың оқу мәдениеттіліктерін дамыту; -отбасылық оқуды насихаттау; - мектеп кітапханасының қорын көркем әдебиеттермен толықтыру
2.5.Жобаны іске асыру	1.Мектеп кітапханаларының материалдық-техникалық базасын және көркем әдебиетпен толықтыру жұмыстарын талдау. 2.Мектеп-оқушы-ата-ана жоспары бойынша «Кітап оқуға құштар мектеп» жобасын әзірлеу **2021-2023 оқу жылдары**

«Кітап оқуға құштар мектеп» жобасын іске асыру бойынша іс-шаралар жоспары

№	Жұмыс бағыттары	Іс-шара атаулары	Күні	Өткізілу формасы	Қатысушылар	Жауапты орындаушылар
1	ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖҰМЫСТАРЫ	«Оқырмандар » бұрышы	тамыз	Сынып кабинеттерінде бұрыш ұйым/ру		Кабинет жетекшілері
		«Оқырмандар » бұрышы	тамыз	Кітапхана, мектеп дәліздерінде бұрыштар ұйымдастыру		Кітапханашы

		Атаулы мерекелер күндері	Дер кезінде	Ақпараттық тақта ұйымдастыру		Кітапханашы Пән мұғалімдері
		Өткізілетін шараларға қажетті техникалық құрал- жабдықтар т.б	Дер кезінде	Қамту жұмыстары		Мектеп әкімшілігі
		«Оқы және өзгеге сыйла »	Жыл бойы	Bookcrossing қозғалысын ұйыдастыру		Кітапханашы Сынып жетекшісі Пән мұғалімі
		Үйірмелер , таңдау курстары, студиялар жұмысын т.б ұйымдастыру	Жыл басында			ОІЖО ТІЖО
2	**ОТБАСЫ ЖӘНЕ МЕКТЕП**	**«Бір отбасы – бір кітап»** ***Ғабит Мүсіреповтің туғанына – 120 жыл*** «Кітап- рухани байлық»	13.10	Сурет, бейне түсірілім байқауы	1-11 сыныптар	Кітапханашы Сынып жетекшілер
		«Өнегелі өмір » жобасы *(Ақын, жазушы, тарихшы т.б*	*28.10*	Кездесуге ата-аналарды қатыстыру	1-11 сыныптар	Сынып жетекшілер Жоба жетекшісі Аға тәлімгер
		БАЛАЛАР ЖЫЛЫ «Отбасылық таланттар»	05.01	**Отбасы сағаты** Отбасылық шығармашы лық фестивалі	1-8 сыныптар	Сынып жетекшілер Музыка пәні мұғалімі
		«Атадан-өсиет, анадан-қасиет» *(тыйым сөздердің мағынасы)*	*09.03*	**Отбасы сағаты** Зияткерлік ойындар	8-9 сыныптар	Сынып жетекшілері
		«Озық оқырман»	13.02	Отбасылық байқауы	1-9 сыныптар	Кітапханашы Сынып жетекшілер
		БАЛАЛАР ЖЫЛЫ «Отбасыммен бірге өткізген қуанышты күндерім!» (Кітап оқу, ән айту , сурет салу т.б	14.04	Бейне көрсетілім	1-4 сыныптар	ДТІЖО Сынып жетекш.

		«Бала сауаттылығын қалай арттыру керек ?»	04.05	Вебинар	1-11 сыныптар	ДТІЖО
3	**ОҚУШЫЛАРМЕН ЖҰМЫС**	**5 қыркүйек - ҚР халықтарының Тілдері күні мерекесін ұйымдастыру** **«Тіл- кемел болашақ тұғыры»** *Қазақ ақыны, әдебиеттанушы ғалым, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының туғанына – 150 жыл*	05.09-16.09	Мерекелік Іс- шара	1-11 сынып оқушылары Пән мұғалімдері	ДТІЖО Пән бірлестік жетекшілері
		«Кітап –ақылына ақы сұрамайтын алтын қазына»	19.09-23.09	Апталық	1-11 сыныптар	Кітапханашы Сынып жетекшілер
		«Өнегелі өмір » жобасы *(Ақын, жазушы, тарихшы т.б)*	*28.10*	Кездесу	1-11 сыныптар	Сынып жетекшілер Жоба жетекшісі Аға тәлімгер «Еріктілер» тобы
		«100 кітап» сериясындағы кітаптарды және т.б. ерікті түрде тапсыру Мектепте, үзілісте. ***«М.Әуезовтың шығармаларын оқимыз»***	Қараша айы бойы	Қайырымдылық акциясы Бірыңғай оқу сағаты	2 -11 сыныптар	Кітапханашы Сынып жетекшілер
		М.Әуезовтың 125жылдық мерейтойына Білім дариясының кемеңгері	18.11	Оқырмандар конференциясы	5-11 сыныптар	Кітапханашы Тіл -әдебиет мұғалімдері
		БАЛАЛАР ЖЫЛЫ *Ғабиден Мұстафиннің туғанына – 120 жыл* Жас қаламгерлер отырысы	29.11	Дөңгелек устел	4-11 сыныптар	Тіл мамандары Сынып жетекшілері
		Әзілхан Нұршайықовтың туғанына – 100 жыл Кітапханадағы кездесу	15.12	Оқырмандар кеші	8-11 сыныптар	Тіл- әдебиет мамандары

		Шерхан Мұртазаның туғанына – 90 жыл «Буккросинг» «Бірге кітап оқиық!»	14.01	Эстафета	5-11 сыныптар	ДТЖО Кітапханшылар
		«Бір сынып- бір кітап»	16.02	флешмоб	1-11 сыныптар	Сынып жетекшілері
		«Кел, бірге оқиық !»	19.04	Акция Үзіліс кезінде бір мезетте ұжыммен кітап оқу	1-11 сыныптар	Сынып жетекшілері
		«Әжемнің ертегілері»	05.05	Ертегілерден театрланған қойылым қою	1-4 сыныптар	Сынып жет. Үйірме жетекшілері
		БАЛАЛАР ЖЫЛЫ **«Жазғы демалысқа – жақсы кітап»**	01.06	Кітап көрмесі	1-10 сыныптар	Кітапханашылар Сынып жетекшілер
4	**ПЕДАГОГТАРМЕН ЖҰМЫС**	«Оқушылардың оқуға құзыреттілік деңгейлерін дамыту»	28.10	Вебинарлар	Пән мұғалімдері мен кітапх/лар	Тілдер пән бірлестігі
		«Оқы, талқыла, суретте»	04.01	шеберлік- сағаты	Бастауыш сынып мұғалімдері	Пән бірлестігі
		Қазақ, орыс, ағылшын пән мұғалімдерінің шеберлік сағаттары (апталық барысында)	24.03	Шеберлік сағаты	Жалпы білім беру мектептері (пән мұғалімдері	Тілдер пән бірлестігі
		«Кітап оқу арқылы өз болашағыңды жаса» жаратылыстану бағыттағы пән мұғалімдерінің дөңгелек үстел	28.04	дөңгелек үстел	Жаратылыстану бағыттағы пән мұғалімдері	Пән бірлестігі
		«Кітапханадағы жаз-2023 жыл»	Маусым	хит шеру акциясы	Мұғалімдер	ДТЖІО

Түркістан облысы,Келес ауданы

№57 Ә.Жангелдин жалпы орта мектебі

“Оқуға құштар мектеп” жобасы

«Кел, балалар, оқылық!»

кітапханашылар клубы





Кітапханашылар : Г.Абубакирова, Г.Садыханова

Клубының мақсаты:

Қазақстан Республикасы азаматының белсенді өмірлік ұстанымын жаңаша қалыптастыру. Жалпы оқырмандардың кітап оқуға қызығушылығын арттыру. Білімге деген құштарлығын қалыптастыру мен ой-өрісін жан-жақты кеңейту. Мектеп кітапханасының оқырмандарын көбейту.

Клуб кітапханалық бағытта жұмыс істейді.

Клубтың міндеттері:

- Балалар мен жасөспірімдерді кітап оқуға баулу;
- балалар мен жасөспірімдердің бос уақытында кітап оқуға бөлінетін үлесін ұлғайту;
- - Отандық және шетелдік әдеби шығармалармен, таныстыру;
- - дарынды адамдармен кездесу;
- білім бағдарламаларын жүзеге асыру арқылы жас буынға рухани тұрғыда ақыл-кеңес беру;
- - әртүрлі ақпараттық-ағарту жұмыстары, кештер;
- - іскерлік ойындар, тренингтер және т.б ұйымдастыру;
- кітап құмарлардың бос уақытын ұйымдастыру;
- клубқа жаңа оқырмандарды тарту;
- кітапхана жүргізетін іс-шараларға белсене қатысу.

Клубтың ұраны:

«Кітапты сүйіп оқы,

Көңілге түйіп оқы.»

Клубтың эмблемасы:



Клубтың ресми құжаттары

-Жұмыс жоспары

-Клуб жұмысының күнделігі (мұнда әрбір отырыс жайында мағлұмат, оқу сауаттылығын арттыру барысында клубтың өткізілуімен болатын өзге де іс-шаралар хроникалық түрде қадағаланады.)

Жалпы ережелері :

«Кел, балалар, оқылық!» клубы облыстық әдістемелік орталығында құрылды, отырыстары да осы мекемеде өткізіледі.

«Кел, балалар, оқылық!» клубы «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында құрылған білім беру ұйымдарының кітапхана мамандарының клубы болып табылады.

Клуб кітапқұмар, ғылымға қызығып, жаңашылдықпен, шығармашылықпен айналысатын жастарды біріктіреді.

Клуб жалпы оқушыларға, мұғалімдерге бағытталған.

Клуб жұмысын ұйымдастыру

Клуб жұмысы «Оқуға құштар мектеп» жобасын іске асыру мақсатында құрылып, бекітілген.

Клубтың жалпы жұмысы 4-5 отырысқа негізделіп жасалады, көлемді іс-шаралар бір жылға құрылады.

Клуб отырыстары қыркүйектен-мамырға дейінгі аралықта өтеді.

Клуб жұмысының ұстанымы

1. *Өзара сыйластық.*
2. *Пікірлердің алуан түрлілігі.*
3. *Белсенділік.*
4. *Ашық мінез.*
5. *Өзін-өзі жетілдіру.*

Клуб жұмысының түрлері

Оқушылардың оқу сауаттылығын арттыру мақсатындағы әр түрлі іс-шараларды ұйымдастыру.

Клуб мүшелерінің шығармашылық жетілуі (әдеби оқулар және т.б.)

Клуб мүшелігіне қабылдау тәртібі

Жаңашыл көзқарастағы талантты, зияткерлік қабілеті жоғары, талғамы биік оқырмандарды (оқушы, мектеп басшылары, мұғалім, ата-аналар) мүшелікке қабылдау.

Клуб мүшелері :

1.Мектеп директоры О.Дарменов

2.М.д.т.і.ж.о.

3.Ата-ана ком.төрағасы

4.Мек.тәлімгері Г. Турмаханова

5.Оқуш.ұйым.президенті Е. Алпамыс

6.Баст.сын.мұғ. Ұ. Байырбекова

7.Қаз.т.пән.мұғ. Ф. Нарбекова

8.Үздік оқырман. Ә. Байтен

9.Кітапханашылар . Г. Абубакирова Г.Садыханова

«Кел, балалар, оқылық!» клубының 2021-2022 оқу жылындағы жұмыс жоспары

Іс-шараның түрі	І-шара тақырыбы	Мерзімі
Сауалнама алу, сұхбат жүргізу	«Кел, балалар, оқылық!» клубының мүшелерін сайлау	қазан
Пікір талас алаңы	«Кітап және интернет»	қараша
«Мен жүйрік оқимын»	Жүйрік оқу сайысы (4 сыныптар)	желтоқсан
Кітап оқу әдістері лайфхақ	Бейне роликтермен бөлісу Челлендж	ақпан
Отбасылық кітап оқу күні	«Біз көп оқитын әулетпіз» байқау	сәуір

«Кел, балалар, оқылық!»

клубының күнделігі :

Өткізілген іс-шаралар	Қай сыныптар арасында	Күтілетін натиже

Сауалнама:

1.Сіз кітап оқуды ұнасатызба ? ---------

2.Сіз бір жылда қанша кітап оқисыз ? ----

3.Сізге кандай жанрдағы кітаптар ұнайды ? ---------

4.Сіз кітапханадан қандай кітаптарды таба алмай жүрсіз ? ----------

5.Сіздің отбасыңызда жеке кітапхана бар ма ? -------

6.Сіздің отбасыңыз кітап оқиды ма ? -----

7.Кітапхананың қызметіне көңліңіз тола ма ? -------

---

8. Ұсыныстарыңыз ----------

Баяндама

Тақырыбы: «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында атқарылған жұмыстар

Мақсаты: Мектеп оқушыларының оқуға құштарлығын арттыру.

- Оқу мәдениеті өзін-өзі жетілдіру және өзін-өзі тәрбиелеу, дағдыларын қалыптастыру факторы. Оқуды дамытуда әдістемелік әдістерді жүйелі және мақсатты түрде қолданған жағдайда оқушының дербес оқуын қалыптастыруда үлес қосады Мемлекет басшысы Қасымжомарт Тоқаевтың ұлттық қоғамдық сенім кеңесінде берген тапсырмасына сәйкес Б.Ғ.М. «Оқуға құштар мектеп» жобасын бекіткен болатын. «Оқуға құштар» жобасы аясында көркем әдебиеттер тізімі төрт бағыт бойынша жүзеге аспақ, яғни олардың қатарына еліміздің үздік классиктерінің кітаптары, ана тіліне аударлыған шетелдік әлем әдебиетінің жаухарлары, сонымен бірге қазіргі заманғы ақын жазушылардың кітаптары енетін болады.Осы жобаға сәйкес, біздің мектебімізде қазіргі кезде «1,2,3» акциясы болып жатыр. Осы акцияға белсене қатысып жатқан оқушыларымызды атап айтатын болсақ $9^{Ә}$ сыныбынан Балтабай Таңшолпан, Болысбек Сұлушаш.$8^{А}$ сыныбынан Кәдірбекқызы Ұлмекен, Б.Ілім , $7^{Ә}$ сыныбынан Әшірхан Кәусар,Аманбек Жұлдызайлар және $10^{А}$ сыныбына Әміре Гүлсамалдар. Осы белесене қатысып жатқан оқушыларымызды акция соңында қорытындылап, мараппаттайтын боламыз.14-ақпан күні «Кітапханаға кітап сыйла» акциясы болып өтті. Акцияға Абуова Ақмейраш апай өзінің сынып оқушыларының атынан кітапханаға кітаптар сыйлады.

Біріміз кітапты ой-өрісті кеңейту үшін оқысақ,біріміз жұмыс барысында ақпарат іздеп оқимыз.Арамызда кітап оқып демалатындар да бар.Қандай себеп болмасын оқу сауаттылығы дағдыларын дамыту маңызды.

Ұлы заңғар жазушымыз М.Әуезов «Әрбір адамның ең жақын досы кітап болуы тиіс» деп айтқандай «Оқуға құштар мектеп» жобасы сәтті жалғасын тапса, еліміздегі ақын жазушылардың кітаптары көптеп басылып шығып ел арасында кеңінен тарайтын болады.Алдағы уақытта «Оқуға құштар мектеп» жобасы кітап құмар ұлт деген мәртебелі атымызды қайтаруға септігін игі бастама екеніне кәміл сенеміз!

«Оқуға құштар мектеп» жобасының атқарылу барысы

Кітап – адамзат баласының баға жетпес асыл құндылығы. Білім мен мәдениеттің иік белестеріне жетелейтін – тәрбие құралы. Шығыс ойшылы Науаи: «Кітап – ақылына қы сұрамайтын алтын қазына» десе, Абай атамыз «Танымның бар тамашасы – кітапта, ған қол жеткізу үшін кітап оқудан жалықпа», «Артық ғылым кітапта, ерінбе оқып өруге» деп насихаттайды.

Халықтың осындай жан азығынан, рухани байлықтан қол үзіп бара жатқандықтан, емлекет тарапынан дабыл қағылып жатыр. Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев: Кітап оқу – рухани кемелденудің көзі. Қазіргі уақыт – секунд сайын жаңарған ақпарат аманы. Алтын уақытымызды пайдалы істерге жұмсағанымыз жөн", – деп Ұлттық оғамдық сенім кеңесінде берген тапсырмасына сәйкес БҒМ «Оқуға құштар мектеп» кобасын бекіткен болатын. Бұл жоба 2020 жылдан бастап, 2025 жылға дейін жалғасады.

Жобаның мақсаты – еліміздегі кітапханалар ахуалын жақсарту, құшылардың әдеби кітап оқуға құштарлығын арттыру және кітап оқуға тарту.

Бұл жоба бірнеше тармақтардын тұрады, соның бір тармағы «Кітапханаға кітап ыйла» акциясы

Қазіргі таңда елімізде оқушы жастардың кітап оқымайтыны туралы жиі айтылатыны асырын емес. Жалпы, оқушылар кітап оқымай ма, әлде мектеп оқушылары қызығып қитын көркем әдебиеттер жоқ па деген сұрақтың да ойға оралатыны анық. Жас кеткіншектерді «кітап оқымайды» деп бекерге кінәлай бергенше олар қызығып оқитын ітаптарды көптеп шығарып, мектептерге таратудың маңызы зор. Осы орайда жылдық оспарға сәйкес біздің мектепте де «Мектепке кітап сыйла» акциясы өтіп, бірнеше ұғалім кітапханаға өздерінің кітаптарын сыйлады. Атап айтатын болсақ – Каюпова абира апайымыз, Тұрмаханова Гүлмира апайымыз, Раймкулова Қарлығаш, Серикбаев бдіғани ағайымыз және осы мектептің түлегі Матуллаев ағайлар да кітапхана кциясына қатысты. Бұл акцияның орындалу уақыты жыл бойына жалғасады.

Жылдық жоспарға сәйкес, 1-сынып оқушыларын кітапханамен таныстыру мақсатында, «Кітапханаға саяхат» сабағы болды. 1 АӘБВ сыныптарының оқушылары ітапхананың қай жерде орналасқанын көріп, кітаптармен танысып кетті.

Республика күніне орай, «Менің отаным Қазақстан» атты челлендж жасалды, елленж 9 «Ә» сынып оқушыларымен түсірілді. Және осы мерекеге орай кітап көрмесі йымдастырылды.

«Оқуға құштар мектеп» жобасының аясында өткен республикалық «Каникулда ітап оқимыз» атты 1-10 қараша аралығында өткен онлайн марафонға қатысып, ектебіміздің біршама оқушылары сертификатқа ие болды.

Кітапхананың жылдық жоспарына сәйкес, «Оқуға құштар мектеп» жобасының ясында өткен сыныптар арасында «Кітапханадағы бір күнім» атты сайыс сабағы болды. айысқа 10 «Ә» сыныбының оқушылары қатысты.Сайыс сабағымыздың тақырыбы «Абайдың 45 қара сөзі». Оқушылар Абай атамыздың қара сөздерінің өмірімізде ажеттілігін, қара сөздері жетік меңгергендіктерін көрсете білді.

Түркістан облысы Келес ауданы
№57 Ә.Жангелдин атындағы жалпы орта мектебі
КММ

-2023 оқу жылында кітапхананың «Оқу құштар мектеп» жобасы бойынша жылдық жоспар

Е С Е Б І

Орындаған:

Кітапхана меңгерушісі Садыханова Г.

2023 жыл

«Бекітемін»


№57 Ә.Жангелдин атындағы
жалпы орта білім беретін мектебі
КММ директоры
О.Дәрменов


№57 Ә.Жангелдин атындағы жалпы орта мектебі КММ 2022-2023 оқу жылында кітапхананың «Оқу құштар мектеп» жобасы бойынша жылдық жоспар есебі.

Жобаның мақсаты – оқу мәртебесін, оқу белсенділігі және оқу сапасын арттыру, балалар мен жасөспірімдердің мәдени және оқу құзыреттілігін дамыту, сондай-ақ жас ұрпақ бойында жоғары азаматтық және рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру.

№57 Ә.Жангелдин атындағы жалпы орта мектебі КММ 2022-2023 оқу жылында кітапхананың «Оқуға құштар мектеп» жобасының жылдық жоспары құрылды. Жоспарға сәйкес қыркүйек айында «Мектеп-кітапхана-отбасы» жобасы аясында Ахмет Байтұрсыновтың 150 жылдығына «Ұлттың Ұлы ұстазы» атты портрет кеші ұйымдастырылды. Ұстаздың портретін салған оқушылар мадақтама қағаздарымен марапатталды.

Оқу жылының басында «Оқуға құштар мектеп» жобасын жүзеге асыру мақсатында «Бір Ел – бір кітап» республикалық акциясына библиографиялық шолу жасалынып, «Кел, балалар, оқылық!» кітапхана клубы ашылды.







5 қазан күні «Оқуға құштар ата-ана – оқуға құштар бала» жобасы барысында «Оқырман достар» атты М.Мәметованың 100 жылдығына орай 5-7 сынып арасында әдеби кеш ұйымдастырылып өтті. Кешке мектеп оқушылары, ата-аналар, мұғалімдер және мектеп әкімшілігі қатысты. Кештің мақсаты – жас ұрпақты елін, жерін, Отанын сүюге, батыр қыздарымыздың ерлігін ұмытпауға, патриот болуға тәрбиелеу. Әдеби кеште Кеңес одағының батыры, «Қазақтың қаһарман қызы» М.Маметованың өмірбаяны, соғыста жасаған ерлігі жайлы айтылды. Оқушылар Маметоваға арналған өлең жолдарын оқыды. Кеш соңында мектебіміздің директордың тәрбие ісі-жөніндегі орынбасары С.Уринбекова оқушыларға өз ризашылығын білдіріп, оларды өз елінің патриоты болуға шақырды.





Қараша айында мектеп дәлізінде «Boccrossing» бұрышы жасалды. «Boccrossing» «Отты жылдар жаңғырығы» Т.Бигельдиновтың 100 жылдығына орай пікір алмасу кеші ретінде өтті. Пікір алмасуға 7 «А» және 7 «Ә» сыныптары қатысты





16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі мерекесіне орай желтоқсан айында «Тәуелсіздік – баға жетпес байлық» атты библиопост жазылып, әлеуметтік желілерге жарияланды.




Кітапхананың әдеби қорын ұлғайту мақсатында «Кітапханаға кітап сыйла» акциясын басшылыққа ала отырып, жыл бойы мектеп кітапханасына мектеп түлектері, мұғалімдері мен оқушылары кітап сыйлап отырды. Атап айтатын болсақ, мектебіміздің түлегі, кәсіпкер Е.Матуллаев, бастауыш сынып мұғалімі А.Абуова, тәлімгер Г.Тұрмаханова, қазақ тілі пәні мұғалімі С.Каюпова, орыс тілі пәні мұғалімі Қ.Раймкулова және с.с.т.б. кітаптарымен кітапхана қоры толықтырылып отырды.






Жоспарға сай, қаңтар айында М.Мақатаевтың туған күніне орай «Поэзия кеші» онлайн форматта ұйымдастырылып, әлеуметтік желілерде жарияланды. Мақсаты – Мұқағали Мақатаевтың өмірі мен шығармашылығына шолу жасау, әндері мен поэмаларымен танысу. Ақынның өлеңдері мен поэмалары арқылы жасөспірімдерді әсемдікке, елжандылыққа, елін-жерін сүюге талпындыру. Поэзия кешіне 7-9 сынып оқушылары белсене қатысты. 9 «Ә» сынып оқушысы Болысбек Сұлушаш ақынның «Сәби болғым келеді» өлеңін оқыса, 7 «А» сынып оқушысы Исабек Аяулым «Ана сен бақыттысың...», 7 «Б» сынып оқушылары Өрісбай Жаннұр мен Тұрлыбек Кәусар «Ғашықпын», «Аққулар ұйықтағанды» өлеңдерін оқыды.






Ақпан айында « Менің отбасым – оқырман» атты кітап оқу марафоны 5 сынып жетекшілерімен бірлестікте өткізілді. 5 сынып оқушылары апа-аналарымен бірігіп кітап оқыды.



Мектеп тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларымен бірлесе «Оқуға құштар мектеп» жобасымен «Үздік оқырманы» кітап оқу жарысы барысында мектептің үздік оқырмандары анықталды. Олар 8 сынып оқушылары Қадірбеккызы Ұлмекен,





Ілім Жансая, 10 сынып оқушысы Қадірбеккызы Гүлсамал, 9 сынып оқушысы Балтабай Таңшолпан, 7 сынып оқушылары Әшірхан Кәусар, Аманбек Жұлдыз, Қалдыбеккызы Балауса, бұл оқушыларға кітапханашылар есебінен сыйлықтар алынып, табысталды.

«Bookdating» жобасы бойынша жоспарға сай 10 сынып арасында кітапқұмар клубы ашылды. Клубтың мақсаты оқылған кітаптардың мазмұны мен идеясын талқылау. 10 «Ә» сыныбының оқушыларымен Абай Құнанбайұлының «Қара сөздері» талқыланды.



Ұлы Отан соғысының Ұлы жеңіс күніне орай 5 мамыр күні мектеп кітапханасында «Желбіре, Жеңіс жалауы!» атты көрме ұйымдастырылды.

Көрмеге Ұлы отан соғысына қатысқан жазушы офицерлердің соғыс жайлы жазған естеліктері қойылды. Соның ішінде Кеңес одағының батыры, Екінші дүние жүзілік соғыстың даңқты жауынгері, әскери қолбасшы әрі белгілі жазушы Б.Момышұлының өлеңдер жинағы,





«Офицер күнделігі», «Москва түбіндегі шайқас», «Генерал Пафилов» кітаптары, жазушы туралы А.Бектің «Арпалыс» повесі, Ә.Нұршайықовтың «Ақиқат пен аңыз» роман-дилогиясы қойылды. 6 сынып оқушылары жазушының өлеңдерін жатқа жарыса оқыды.